«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ»

**БҰЙРЫҚ**

01.12.2022

Алматы қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 05-04/540

город Алматы

**Об утверждении Правил проведения проверки на предмет наличия заимствований письменных экзаменационных работ обучающихся НАО «Казахский национальный педагогический университет имени Абая»**

В соответствии со статьей 11 Трудового кодекса Республики Казахстанот 23 ноября 2015 года № 414-Vи подпункта 17) пункта 113 Устава Некоммерческого акционерного общества «Казахский национальный педагогический университет имени Абая» **ПРИКАЗЫВАЮ**:

1. Утвердить Правила проведения проверки на предмет наличия заимствований письменных экзаменационных работ обучающихся в НАО «Казахский национальный педагогический университет имени Абая»
2. Обеспечение своевременного ознакомления руководителей структурных подразделении некоммерческого акционерного общества «Казахский национальный педагогический университет имени Абая» поручить начальнику Службы делопроизводства и архивного дела Бекбауовой С.Е.
3. Контроль за исполнением настоящего приказа возлагаю на проректора по академической деятельности Бектемесова М.А.
4. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

**И.о. ректора** **К.Т. Исакова**

000692

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
Іс-жүргізу және
мұрағат ісі қызметі

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы – Ректорының «____» _______ 2022 жылғы №_________ бұйрығына**
**Қосымша 1**

## «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының білім алушылары жазбаша емтихан жұмыстарын көшіріп алғандығына тексеру жүргізу қағидалары

### 1. Жалпы сипаттама

1. Осы Нұсқаулық «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін үйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Академиялық саясатына, Қоғамның Академиялық адалдық кодексіне сәйкес әзірленді және Қоғамда аралық аттестация кезінде білім алушылары жазбаша емтихан жұмыстарын көшіріп алғандығына тексеру жүргізеді.

### 2. Негізгі түсініктер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) антиплагиат - арнайы бағдарлама арқылы жұмысты тексеру, ол арқылы рефераттағы, курстық жұмыстағы, диплом немесе кез келген басқа да жұмыстардағы мәтіннің интернет көздерінен көшіріліп алынғанын іздеу;

2) көшіру - көшірме жасау процесі, яғни объектіні, процесті, құбылысты, ақпаратты қайталау**;**

3) өзгертіп айту – бұл дереккөздің кейбір сөздері мен сөз тіркестерін өзгерту арқылы мәтінді ұсыну тәсілі, сонымен бірге өзгертіп айту дереккөздегі ұғымды дұрыс түсінуді көрсетеді;

4) дәйексөз түріндегі дұрыс көшіріп алу (көзге сілтеме жасай отырып);

5) дұрыс емес көшіріп алу (плагиат) – мәтін үзіндісі:
басқа туындыдан
сілтемесіз пайдаланылған;
оған немесе оған сәйкес келмейтін сілтеме қойылған;
сөзбе-сөз көшіру де, қайта жазу да болуы мүмкін.
Түпнұсқа мәтін – бұл дұрыс емес көшіріп алу жоқ мәтін..

## 3. «Антиплагиат» бағдарламасы арқылы жазба жұмыстарын бақылау

3. Жазбаша жұмысты орындаудың дербестігін бақылау үшін мәтінді көшіріп алу дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін «Антиплагиат» Text.ru бағдарламасы қолданылады. Плагиат деп көшіру, қайталау және дереккөздерге сілтемелермен растаусыз жұмысты кез келген түрде қорытындылау түсініледі немесе сілтемелер болған кезде, көшіріп алудың көлемі мен сипаты жұмыстың дербестігіне күмән тудырған кезде.

4. Плагиат мынадай көрсеткіштер кезінде жазбаша жұмыстарды тексеруге жіберуден бас тарту үшін негіз болып табылады:

1) магистратура, докторантура: 0 – 55 % — қабылдамау;

2) бакалавриат: 0 – 40 % — қабылдамау;

5. Білім алушылар плагиат деп танылған жазба жұмыстарын қайта тасыра алмайды.

6. Көшіріп алғандығын тексеру нәтижелері бойынша ұсынылатын бағалау шкаласы осы Қағидалардың 1-қосымшасында келтірілген.

## 4. Қорытынды ережелер

1. Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар Қоғам Басқармасының шешімі негізінде Басқарма Төрағасының – Қоғам Ректорының бұйрығымен енгізіледі.

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының білім алушылары жазбаша емтихан жұмыстарын көшіріп алғандығына тексеру жүргізу қағидаларына Қосымша 1**

**Көшіріп алғандығын тексеру нәтижелері бойынша ұсынылатын бағалау шкаласы**

| Түпнұсқалық деңгейі | Емтихан үшін ең жоғары балл деңгейі |
|---|---|
| Бакалавриат | |
| 90–100 % | 100% |
| 80–89 % | 95% көп емес |
| 70–79 % | 90% көп емес |
| 56–69 % | 85% көп емес |
| 41–55 % | 80% көп емес |
| 0–40 % | қабылдамау |
| Магистратура, Докторантура | |
| 90–100 % | 100% |
| 80–89 % | 95% көп емес |
| 70–79 % | 90% көп емес |
| 60–69 % | 85% көп емес |
| 55 %- 59% | 80% көп емес |
| 0–54 % | қабылдамау |